



ҚҰРЫҚ



САҚШЫ

сақ болуы тиіс

РУСЛАН МЕН БАЙ БАУЧАН

Тоқсаныншы жылдардың соңында миллиард Қытайды Бай Баучан деген жалғыз ханзу аяғынан тік тұрғызды. Бейжіңде басталған, Шинжаңда аяқталған Байдың қанды-жорығы аспан асты еліндегі әскери саланың әлсіздігін айпарадай ашып тастаған.

Ақ қасқыр (Бэй лан) деген лақап атпен түрмеде отырып, форма киінген сақшы атаулыға ата жауындай өшіккен Бай бостандыққа шығысымен-ақ кек алуды жоспарлайды. Көзіне қан толған ханзудың бір ай бойғы «қансонары» 27 бөлімнен тұратын үлкен телесериалға өзек болды. Қытай билігі әлгі туындыны түрме заңына қайшы келгені үшін, әскери саладағы ашы шындықты көрсеткені үшін, көп өтпей нарықтан алып тастады. Сол «ақ қасқырдың» бір ай бойы не сақшыға, не арнайы жасаққа алдырмай салған лаңы Алматыда айына-қатесіз қайталанғандай.

Алатау бектеріндегі бейкам елді ұйқысынан шошытып оятқан, мұздай қаруланған сақшыларға оқ жаудырған Руслан Күлікбаевтың «сценарийі» Бай ханзуды қайталап отырғандай, көз алдымыздан сол кадр қайта бір жүріп өтті.

(Жалғасы 3-бетте)

Аяулым ҮМБЕТҚҰЛОВА,
Руслан Күлікбаевтың әйелі:

«Түрмеде отырғанда қиындық көріп, полицейлерге өштескен шығар деп ойлаймын. Кешіріңіздер. Қарғамаңыздар. Менің де балам бар. Екі бала бағып отырған анамын. Біздің ешқандай кінәміз жоқ. Русланмен заңды түрде ажырасамын! Балаларымның болашағына кедергі болмасын деймін»

Ktk.kz

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



(Жалғасы 2-бетте)

СҰХБАТ

ӘСІРЕДІНШІЛДЕРГЕ мүмкіндік беріп қойдық



Күні бойы компьютерде отыратын балалардың «көгілдір әлемде» нені көріп, кіммен сөйлесіп жатқанын білмейміз. Соның «жемісі» енді көріне бастады. Жастардың қазіргі қызығушылығы қандай, көбіне немен айналысатынын ата-аналарының өзі білмей жатқанда, қауіпсіздікті қорғау органдары қайдан біледі?

(Толығырақ 3-бетте)



ҮЛЕСКЕР ТАҒЫ АЛДАНДЫ

2



«АФАШ АВТОМАТТЫҢ» ХИКАЯСЫ

2



СУ ПЕРІСІ

8

@ on the web

www.jasqazaq.kz
arda.com.kz



БИРЖАЛАР

МҰНАЙ (brent)
46,96

DOLLAR
344

EURO
378

РУБЛЬ
5,42

САРАП

ТҮРКИЯ

төтенше кезеңде



(Толығырақ 5-бетте)

«ЖАС ҚАЗАҚТЫҢ» САЙТЫ

jasqazaq.kz



Үкімет

Сөзден іске көшсе игі

Астанада 19 шілде күні өткен Үкіметтің көзекті отырысы бір минут үнсіздікпен басталды. Үкімет мүшелері Алматыда 18 шілде күні орын алған террорлық акт құрбандарына осылай құрмет көрсеткеннен кейін сол күнгі отырыстарын негізінен терроризм мәселесі төңірегінде өрбітті.

Елімізде арасына айдан асар-аспас уақыт салып бірінен соң бірі қайталанған лаңкестік оқиғалар үкіметтің есін мықтап жиғызған сынайлы. Үкіметтің төрт көзі түгел жиналған жиында ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымов шетелде лаңкестік және экстремистік әрекет жасағандарды Қазақстан азаматтығынан айыру қажеттігін айтып, заңға сондай өзгерістер енгізу бағытында жұмыстың қолға алынғанын хабарлады. Бұл заң жобасы алдағы уақытта мақұлданса, өзге елде лаңкестермен бірге бүлік салғандар енді қайтып еліміздің есігін аша алмайтын болады. Қ.Қасымов заң жобасын жедел, ат-үсті жасамай, барлық жағдай жан-жақты сарапқа салынып, халықаралық тәжірибелер де жете зерттелетінін айтты.



Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы үкімет отырысында әріптесін қолдап, елге бөтен идеологияны беттетеудің бір амалын қарастырып жатқанын жеткізді. Бұл министрлік қажылыққа бару тәртібіне қатаң өзгерістер енгізбекші екен. Өйткені, Сауд Арабиясына қажылыққа баратындар да әсіредіншіл идеологияның шырғауына ілігуі мүмкін. Еліміздің қажыларын идеологияның теріс әсерінен қорғау үшін «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» заңға өзгеріс енгізу керек. Министр өзгерістер енгізу бағытында

нақты жұмыстар қолға алынғанын да айта кетті. Жалаң тәртіп жағдайды өзгертпейтіні анық. Сондықтан бұл заңда тек тәртіпті емес, елімізде таратылатын дінге қатысты әдебиетті діни сараптамадан өткізуді талап ету де көзделіп отыр. Жаңа өзгерістердің бірі осы бағытты қамтиды. Бұған дейін мұндай талап тек сырттан әкелінген діни әдебиетке қатысты қойылған екен. Оның айтуынша, мұндай өзгерістер экстремистік мазмұндағы діни әдебиетті жан-жақты анықтауға септеседі.

(Өз тілшіміз)

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

3,4

млн теңге. Ақтөбеде параны қоймен алған екі тәртіп сақшысына салынған айыппұл көлемі

2,1

млн теңге. Астана халықаралық әуежайына бәсекелестік туралы заңды бұзғаны үшін осынша айыппұл салынды

Сөз-жебе

Мұрат ӘБЕНОВ, қоғам қайраткері:

«Алматыдағы лаңкестің әрекетін келесі біреу қайталауы мүмкін. Жағдай солай ушыға береді. Оның көзін құрту, өмір бойы түрмеге қамау сияқты шарадан еш нәрсе шықпайды. Себебі олар өлімнен қорықпайды. Бұл жағдайда не істеу керек? Мәселе біз әрдайым кінәлайтын мемлекеттік мекемелерде де емес. Ол әр азаматтың өзіне байланысты. Біз қолымыздан келгенше не істеуіміз керек? Қиындықты еңсеруді үйренуіміз керек. Білімімізді жетілдіріп, қоғамға қандай да бір пайдамызды тигізуіміз қажет. Мұның бәрі қолымыздан келеді»

Facebook парақшасынан



Әлеумет.т⁰



«Ағаш автомат» қымбатқа түседі

Баяғы Кеңес одағы кезінде Қорғаныс министрлігінің құрамында «стройбат» деген болды. Кәдімгі әскери құрылысшы. Әскерилер тілінде де солай аталатын. Командирлер, мәселен: әскери құрылысшы, қатардағы жауынгер Пәленшеев Пәленше деп бұйрық беретін.

Мойындауымыз керек, мұның әскер деген аты ғана. Әйтпесе танның атысы, күннің батысы қара жұмыстың қамыты мойнына ілінген құрылысшы-жауынгер «отбойда» сүрініп жығылады. Өйткені, әскери бұйрықтың астында құрылысшы болу оңай емес. Екі жыл гимнастеркамен қара жұмыс істеп, қолына автомат ұстамай-ақ кеткен жап-жас жігітті жауынгер деп, тіпті де айта алмайсың. Рас, ара-арасында «ағаш автоматпен» әскери жаттығулар да өткізіп тұратын. Әскер қатарында болған Отан қорғаушының екі жылдық мерзімі осы «ағаш автоматпен» аяқталатын. Біз мұны неге есімізге түсірдік?

Осы аптада денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі Тамара Дүйсенова «Еліміздегі жұмыссыз жастарды әскер қатарына жіберу керек» деп «айды аспанға» бір-ақ шығарды. «Тисе — терекке, тимесе — бұтаққа» деген сынайдағы әңгіме біздің пайымдауымызша. Жұмыссыздықты азайтуға қатысты әйтеуір бірдене деу керек болған соң айта салғанға ұқсайды. Әйтпесе соңғы он жыл көлемінде еліміздегі әскери саланың жоспарлы түрде келісімшарт жүйесіне көшіп жатқанын министрдің білмеуі мүмкін емес. Оның үстіне, біз жоғарыда айтып өткеніміздей, тәуелсіз казак елінде құрылыс әскері деген атымен жоқ. Егер құрылыс әскері болғанда, онда рас, министрдің айтқанымен қос қолды көтеріп тұрып келісуге болар еді. Демек, жұмыссыздықты осындай жолмен шешпек болған Дүйсенованың ұсынысы, тіпті де жаналық емес. Оның үстіне, әскердегі бұрыннан қалыптасқан белгілі бір норманы адам санын

көбейту арқылы бұзу бюджет бүйіріне қосымша салмақ түсірері анық.

Бәрімізге белгілі, дамыған елдер экономикасының негізгі тірегі шағын және орта бизнес. Басқаны айтпағанның өзінде, алпауыт Америка мен коммунистік Қытайда да солай. Мұны министрде жақсы біледі. Айналып келгенде, елімізде шағын және орта бизнесті өркендету үшін қолдан келгеннің бәрін жасауға болады. Ауыл шаруашылығы былай тұрсын, үлкенді-кішілі қала атаулыға іргелес жатқан ауыл-аудандар үшін шағын кәсіпті дамытуға мүмкіндік бар. Бар емес, тіпті көп те. Соңғы бес-алты жыл көлемінде елімізде ірі жобалар жүзеге асыру қолға алынғаны жария етілді. Бұған да шағын және орта бизнестің сапалы өнімінің белгілі бір деңгейде көмегі тиіп отыр деген сөз.

Осы тұста Т.Дүйсенованың тағы бір есіне сала кететін мәселе — шағын және орта бизнесті одан ары өркендету үшін біртұтас бағдарлама жасау керек. Рас, бізде белгілі бір бағдарлама аясында шағын және орта бизнесті дамыту үшін мүмкіндік мол. Алайда оның құқықтық базасы мен іс-тәжірибесін дамыту жағы керісінше, кемшін түсіп жатыр. Тіпті жоқ деуге де болады. Оның үстіне «жұмыссыз жасты әскерге жөнелту» мемлекетке қымбатқа түседі. Оның орнына ауыл-ауылда шағын цех, зауыт ашып жұмысқа тарту қажет. Жаз мезгілінде көкөніс, жеміс-жидек жинауға да шақырса болады. Жалпы қайтарымы бар жобаларды жүзеге асыру қажет.

Мүмкін, әңгімеміздің басында айтып кеткен құрылыс әскерін қайта құрып, Қорғаныс министрінің бұйрығымен «желкелеп отырып», жұмысқа жегу керек те шығар? Сіз не ойлайсыз?

Марат МАМАНБАЙ



Қылмыс

Үлескер тағы алданды

Астана қаласындағы «Араби» және «Араби-2» тұрғын үй кешендерінің үлескерлері мен «Самал» ТК тұрғын үй құрылыс кооперативінің мүшелері алданып қалды. Елорда прокуратурасының мәліметіне қарағанда, мердігер компаниялар бір миллиард теңгеден астам қаржыны қалтасына басқан.

«Квартира НС», «Компания М.С.-7» ЖШС мен ЖСК «Шанырақ БМК ГРУПП» компаниясы басшысы Медет Бектеміровтің үстінен қылмыстық іс өткен жылы қозғалған екен. Құқық қорғау органдары оны биылғы жылдың наурыз айының ортасында тұтқындаған. Ал 7 шілде күні іс бойынша айыптау актісі сотқа жолданды. Қазіргі уақытта бұл істі Астана қаласы Есіл ауданының №2 соты қарап жатыр.



Тылсым

ЖАҢБЫР Өскеменді де осып кетті



Осы аптада Өскемен қаласы нөсер жауынға малынды. Төпелеп құйған жаңбырдан бірнеше ауданды су басқан, тұрғын үйлерге зиян келді.

YK-news.kz

— Сағымға айналған «Еуро-4», «Еуро-5» стандартына қашан көшеміз?

Сауалы

«Жас қазақтың» жауабы

Мектепте мал жайылып жүр

Оңтүстік Қазақстан облысында бір мектептің ауласы мал жайылымына айналған.

Отырар ауданы әкімі Ерлан Айтаханов жуырда П.Айтменов атындағы мектептің жаңа оқу жылы дайындығын көруге барғанда осындай жағдайға куә болған nur.kz хабарлағандай, мектеп айналасын жынғыл мен арам шөп басып кеткен. Спорт алаңшасында доп тебу түгілі, қыстық аяқ киіммен жүруге тура келеді.

Қанат БОЗЫМБАЕВ, энергетика министрі:

— Министр қызметіне кіріскен күннен бастап мұнай өңдеу зауыттарын жаңғырту мәселесін зерттеуді қолға алған едім. Қазір Атырау мұнай өңдеу зауытында негізгі қондырғылар орнатылды. Оны іске қосу жұмыстары жүргізілуде. Жылдың аяғына дейін механикаландыруды толық аяқтаймыз. Ал енді Павлодар мұнай-химия зауыты мен Шымкент мұнай өңдеу зауытын жаңғырту және қайта құруды 2017 жылдың соңында аяқтау жоспарланып отыр. Содан кейін біз ішкі сұранысты өз өнімдерімізбен 100 пайыз қамтамасыз етеміз. Бүгінде бензиннің 30 пайызы шеттен тасымалданады. Зауыттарды жаңғырту нәтижесінде елімізде «Еуро-4» және «Еуро-5» стандартты бензин шығарылады. Бұл стандарттарға бұйыртып, 2018 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап көшеміз.



Сұхбат

— Бұл террорлық әрекет пе, әлде қылмыстық оқиға ма?
— Өзімнің жеке бағалауым бойынша бұл террорлық акт. Кезінде Орталық Азия аумағында бұған дейін орын алып келген террорлық актілердің себеп-салдарлары жете зерттеліп, нақты қауіптің деңгейіне баға берілмеген еді. Соның салдарын біз мемлекеттік және қоғамдық деңгейде әлі тартып келеміз. Бұдан бұрын 2011–2012 жылдары орын алған террорлық актілерді радикализмнің бір сәттік көрінісі ретінде қабылдады да қойды, қоғам тез есінен шығарды. Өкінішке қарай, экстремизм мен терроризмнің қауіпі — ұзақмерзімді тренд. Сондықтан мемлекет пен қоғам ұзақ мерзімді күреске бейімделуі керек.

Ең бірінші мұндай оқиғаның қайталану қауіпі бар екенін ұмытпауымыз керек. Оқиғаның өзіне ғана

Кейде ұйымдасқан топтан қолына қару ұстаған бір қылмыскер қауіпті. Президент жанындағы Стратегиялық зерттеулер институтының директоры Ерлан Қарин Алматыда болған лаңкестік әрекетке байланысты өз пікірін білдірді.



Ерлан ҚАРИН:

Әсіредіншілдерге мүмкіндік беріп қойдық

түбегейлі тексеру, зерттеу жүргізіп қоймай, осындай жағдайға алып келетін себептер мен факторларды анықтап алу қажет. Соларды жою бағытында жұмыс жүргізілгені дұрыс. Сондай-ақ барлық қауіпсіздік қызметтерінің оқиға кезінде тез әрекет ету жүйесінің тиімділігін көтеру маңызды.

— Жастар неге жат ағымның жетегінде?
— Иә, солай. Қазір осы құндылықтардың күйреуі байқалады. Бүгінде жастар үлгі тұтатын, соған қарап бой түзейтін адамдар жоқ десе де болады. Біздің кезімізде мен шамалас балалардың көпшілігі ғарышкер болғысы келетін. Ал мен өзім шекарашы болуды армандадым. Қазіргі балалардың қызығушылығы жоқ деп айтуға болмайды. Олардың қызығушылығы мүлдем басқа. Біздің кезіміздегіден көп өзгерген. Тіпті оларды түсіну де қиын болып барады. Мәселен, Алматыда 13 жасар қыздың аяқ астынан Сирияға кетуге тырысқанын қалай түсінуге болады? Ол тұрмыс жағдайы жақсы отбасында өскен, ешқандай дінге де кірмеген. Жай теледидардағы жаңалықтардың бірінен жас бозбаланы көріп қалып, соған ес-түссіз ғашық болған. Сосын сол «махаббатын» іздеуге аттанбақшы болыпты. Бұл нені көрсетеді? Бұл бізге жасөспірімдердің, балалардың көбіне өздерімен-өздері болып, үлкендер әлемінен ажырап қалғанын көрсетеді.

— «Кейбіреулер әлеуметтік желілерде «бір адамға тосқауыл қоюға болмады ма?» деп жазып жатыр. Сіз осыған қатысты не айтасыз?

— Біз ұйымдасқан топ қауіпті, жалғыз адам қауіп төндірмейді деп айта алмаймыз. Керісінше, бір адамның немесе шағын топтың іс-әрекетінің алдын алу әлдеқайда қиын болады. Себебі олар еш нәрсені жоспарламайды, қару-жарақ дайындамайды. Сондықтан, күш құрылымдарына жедел арналар арқылы ақпаратты алдын ала алу қиынға түседі. Соңғы уақытта шағын топтар мен жеке қылмыскерлердің шабуылы ұйымдасқан топтардың әрекетінен әлдеқайда қауіпті екенін көріп жүрміз. Францияның Нишсе қаласында, АҚШ-тың Орlando штатында болған оқиғаларды мысал ретінде келтіруге болады. Бұл лаңкестік актілерде бір, көп болса, екі-үш адам ғана әрекет еткен.

— Қауіпсіздік құрылымдарының бүгінгі деңгейі қандай?

Қазіргі жағдай өте қиын. Оларды біржақты кінәлауға болмайды. Олар тиісті деңгейде жұмыс жүргізбесе, қазіргі қауіп екі-үш есе зор болар еді. Жалпы біз радикалды діни ағымдардың еркін жұмыс жасауына мүмкіндік беріп қойдық. Күні бойы компьютерде отыратын балалардың «көгілдір әлемде» нені көріп, кіммен сөйлесіп жатқанын білмейміз. Соның «жемісі» енді көріне бастады. Жастардың қазіргі қызығушылығы қандай, көбіне немен айналысатынын ата-аналарының өзі білмей жатқанда, қауіпсіздікті қорғау органдары қайдан біледі?

Мендолла ШАМУРАТОВ

МАЗАСЫЗ МҮЙІС

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



Құрық

(Басы 1-бетте)

КЕК

Бай да көп жыл Бейжіңнің тастан қаланып, темірден соғылған тар қапасында жазасын өтеген. Есірткімен қолға түссе де, өзін «накак күйім» — деп білетін «ақ қасқыр» түрменін азабын әбден тарттады. Мінезді, қасқырдай қарулы ханзу қапаста «Лау Да» (пахан) атаныпты. Алайда Қытай түрмесіндегі тәртіп басқаша. Байдың «еркелігін» түрме қызметкерлері көтермей, мұны адам баласы төзбейтін азапқа салып, күнде ұрып-соғады. «Ақ қасқырдың» көкірегіндегі кек — сол Бейжің түрмесінде қатас керек-ті. Бостандыққа шыққанда құрған алғашқы жоспары осы — кек алу болған. Кімнен? Әскери форма киген сакшы атаулыдан. Неге? Қытай полицейлерінен көрмеген азабы, тартпаған бейнеті жоқ. Жоспарын қалай жүзеге асырмақ? Алдымен мұздай қаруланып, әскери бөлімшелердің әлсіз жерін зерттеу керек...

Бай «қанды жорығын» өзі құрған жоспардағыдай бастады. Алдымен Бейжіңдегі ең мықты әскери бөлімшеге оқ жаудырып, граната тастап кеткен. Одан теміржол бетіне келіп күзетте тұрған «қызыл погондарды» қынадай қырады. Жалғыз Байдың қарсылығына сапқа тізілген сайыпқыран сакшылардың бірі де төзе алмады ғой. Тіпті қару асыған арнайы жасақ оқшантайына оқ салып, қаруын көздеп «так» еткізуге қауқары жетпеді. Фильмді түсірген режиссер Қытай әскерінің әлсіздігіне іші ұдай ашыса керек, осы тұсын әдемі, айшықты көрсеткен.

АНААЛДЫНДАҒЫ ӘЛСІЗДІК

Бейжіңге оқ атып, сакшы деген жасауылды көрместей болып кеткен Бай Баучан Шинжаңға, Үрімжіге топ ете түседі. Үрімжінің «Халықаралық

Қалмұханбет ҚАСЫМОВ, ішкі істер министрі:

«Биылғы жылдың соңына дейін министрлік өңірлерге шығып, полиция қызметкерлері мен Ұлттық гвардия әскери қызметшілерінің дайындығын, моральдық-психологиялық жағдайын тексереді. Осы жұмыстың нәтижесі бойынша тиісті ұйымдастыру шарасы қолға алынады»



САҚШЫ САҚ БОЛУЫ ТИІС

таппаған қытай қазақтың жайлауына қашады. Фильмде бір қазақтың үйіне келіп, қымыз ішкені, ет жеп, ақысына бір уыс ақша тастап кеткен жері бар.

Әңгімені қысқартайық! Миллиардқа оқ атып, қызыл жасауылды қынадай қырған Бай қалай қолға түсті дейсіздер ғой? Шинжаңда да ізін суытып, анасын көруге Бейжіңге қайта барып, өз еркімен беріледі. Анасымен бірге кешкі асқа отырғанда үйді бірнеше мың жасақ қоршауға алған. Қандықол қарақшы ақ самайлы анасының алдында қолына қару алу түгілі, саусағын қимылдатуға шамасы келмейді.

Отыз адамның өмірін қиған, отыз шаңырақтың түтінін өшірген қандықол бірнеше мың халықтың алдында ату жазасына кесіліп, бір тал қорғасынмен бірге ұшты да кетті...

ӘЛКИССА

Руслан не істеді? Ол да тек қана ішкі істер бөлімдеріне оқ атты. Тапа-тал түсте 24 минут бойы қару асынып жүріп, қаланың бірнеше жерінде лаң салды. Оқиғаның желісін тәптіштеп отырмай-ақ қоялық, ол жағын министр жіпке тізген инедей түсіндіріп өткен жоқ па.

24 минут. Аз уақыт емес. Осы аралықта бір-біріне хабарласып, сакстық шарасын жасай алмаған құқық қорғау мекемелерінің бейқамдығын қалай түсіндіруге болады? Ақтөбедегі атыстан тізгін-шылбырын жинап үлгірмеді ме, әлде?

Әлеуметтік желідегі пікір де сан алуан. Біреулер ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымовтың пікірін қолдап отыр. Сорақысы сол, әлеуметтік желіде талай жанды қан-қасқатқан лаңкесті жақтайтындар да бар. Кейбірі, тіпті оның сұрмергендігіне тәнті болып отыр. Дінмен байланыстырып жатқандар да баршылық. Алайда біздің ой бөлектеу. Бір адамның жалаң қол келіп, әскери бөлімдегі



Содырдың қылмыстық ізі

2010 жыл. Руслан Күлікбаев Шымкентте алтын бұйымдар сататын сатушының ізіне түсіп, үйіне кіре бергенде 115 мың теңгесі және ұялы телефон салынған сөмкесін тартып алған. Сот шартты түрде 3 жылға бас бостандығынан айыру жазасын кескен.

2011 жыл. Қорғансыз әйелдің 500 мың теңгесін тартып алған.

2012 жыл. Қызылорда облысының криминалдық полиция қызметкерлері Күлікбаевтан заңсыз қару тәркілейді. Осы қылмысы үшін 3,6 айға бас бостандығынан айырылады. Түрмеде түзету колониясы қызметкерлеріне бағынбау, белгіленген жүріп-тұру тәртібін бұзғаны үшін Күлікбаев 14 рет жазаға тартылған.

күзетті құлатып, қаруланып, іле-шала бірнеше адамды жайратып салуы — батырлық емес. Бұл — біздің қорғаныс саламыздың бейқамдығы.

Күлікбаевтың қолынан қаза тапқан, ерлікпен жан тапсырған ерлеріміздің есімі мәнгі жадымызда қалады. Алайда бір бұзақының қолынан бірнеше сакшы мерт болып жатса, қарусыз халықты кім қорғайды? Өзін-өзі қорғай алмаған, аяқ асты атысқа қарсы қауқар таныта алмайтын қарулы күштің күші қайда? Қырағылығы ше? Сакшы сақ болуы тиіс!

P.S.

Алматылық лаңкес екі айға қамауға алынды. Қазіргі таңда сот алыс тергеу жұмыстары жүргізілуде. Тергеушілер оның ісін Қылмыстық кодекстің 6-бабы бойынша қарастыруда.

Жарас КЕМЕЛЖАН

Оқшау ой

Өркен КЕНЖЕБЕК, журналист:

«Анастасия, Дарья, Надежда және Нұрбақыт. Осы төртеуі ғана жедел жәрдем жеткенше, атқыш ұсталғанша қансырап жатқан полицейдің қасына келіп, алғашқы медициналық көмегін жасағандар. Қалғаны қауіпсіз қашықтықтан мойнын созып «Емаеее» деп сотқасына бейне жазғаннан басқаға ебі келмеген. Нұрбақытты алып тастағанда, қалған үшеуі орыс қыз. Славян жүзді дейкіші. Осындай жағдайлардан соң, амалсыз, қазақтан басқа ұлтта әділдікті сүю, оны сезу қасиеті жақсырақ дамыған ба деп қаламын. Мұсылман болмаса да, оларға мұсылманнан бетер жақтасатын Максим Шевченко ше? Артықтың артық жерін мойындау керек!»

Facebook парақшасынан



Тағзым

ЕР ЕСІМІ — ЕЛ ЕСІНДЕ!



Өрлеу

ЕКІНШІ БЕСЖЫЛДЫҚТЫҢ ЕКПІНІ

Облыстық индустриалды-инновациялық даму басқармасының басшысы Нұрбек Қарасаевтың айтуынша, ағымдағы жылдың қаңтар-сәуір айларында облысымызға 122 млрд теңге инвестиция тартылып, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 0,3%-ға артқан. Өзге өңірлермен салыстырғанда, біздің облысымыз инвестиция тартудан 4-орында тұр.

Н.Қарасаев «Жыл басынан бері аймағымызға Германиядан, АҚШ-тан, Франция, Әзірбайжан мемлекеттерінен елшілер келді. Жаңа жобаларын ұсынған шетелдіктер

Маңғыстау өңірінің көлік-логистикалық мүмкіндігіне қызығушылық танытып отыр. Биыл инвесторларды тарту мақсатында аймақтық инвестициялық кеңес құрылды. Сондай-ақ инвесторларға арналған «бір терезе» қағидасы бойынша жұмыс жасайтын орталықтар іске қосылды. Құрық кентінде салынып жатқан 4 млн тонна жүк тиеуге қауқарлы паром кешенінде астық, мұнай өнімдері, сұйытылған көмірсутекті газ, тынайтқыштар, химиялық заттектер және басқа да өнімдер тасымалданады. Қазақстанның оңтүстік-батыстағы хабқа айналуына мүмкіндік беретін осы жобаның жүзеге асуына 16,4 млрд теңге инвестиция салынды», — делі.

«Үдемелі индустриалды-инновациялық даму» бағдарламасының екінші бесжылдығында индустрияландыру картасына құны 151,2 млрд теңге болатын 27 жоба енген. Өндірісті өлкенің тынысын ашатын жарқын жобалар жүзеге асса, 2,4 мың

Жуырда Орталық коммуникациялар қызметінің өңірлік филиалында облыстық индустриалды-инновациялық даму басқармасының басшысы Нұрбек Қарасаев пен «Маңғыстау индустриалдық палатасы» заңды тұлғалар бірлестігінің төрағасы Ғалымжан Балтілеудің қатысуымен баспасөз мәслихаты өтті. Жиында экономиканы әртараптандыруға бағытталған секторларға салмақты серпін беріп, ел игілігіне айналған индустриалды-инновациялық даму бағдарламасының басымдықтары айтылды.

Ағымдағы жылы «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» АЭА-ға басқарудың жана үлгісін енгізу жұмыстары аяқталады. Теңіз



Индустрия игілігі – инновация ұйытқысы

Балтілеу «Бизнестің жол картасы-2020» ауылда кәсіпкерлікті дамытуға ықпал ету» бағдарламасының екінші бағыты аясында жұмыссыздарды кәсіпкерлік негіздерін

тегін үйрету басталды. Стратегиялық және бизнес-жобалау, қаржы, маркетинг және сату, бизнес-процестерді басқару, адами ресурстар, салық және құқық, бизнес-жоспар жасау және қаржы ұйымдарының кәсіпкерлерге көрсететін қызметін камтитын оқыту бағдарламасы аясында 70 адам білім алып шығады. Ауыл кәсіпкерлеріне пайызсыз несие беру бойынша «Бизнесті дамыту» жобасы қарқынды жүзеге асуда. Мәселен, өңірде мал шаруашылығын дамыту, наубайхана ашу, жиһаз салоны, киіз басу өндірісі, құс фабрикасын ашу сынды кәсіп түрін қолға алған 15 кәсіпкердің әрқайсысы 1,5 млн теңгеден қаржылай көмек алды», — делі.

Оның айтуынша, Ақтау қаласында төмен вольтты электр моторлары мен генератор жинайтын және жөндейтін бірлескен кәсіпорын құрылып, отандық өнім Кеден одағы елдеріне экспортталмақ. «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» АЭА-да жоғары сапалы электротехникалық қондырғылар шығаратын өндіріс құру, электроэнергетика саласында инновациялық шешімдерді жылжыту мен дамыту, автоматизация және энергия қуатын үнемдеу мақсатында бірлескен казак-финдық кәсіпорын құру көзделген. Туркияның Ant group & Asya Go халықаралық корпорациясы өңірімізде крахмал шығаратын зауыт салуға қызығушылық танытқан.

«Маңғыстау индустриалдық палатасы» заңды тұлғалар бірлестігінің төрағасы Ғалымжан Айдарбайұлының мәлімдеуінше, облысымызда құрылған «Маңғыстау» несиелік серіктестігі ауыл кәсіпкерлеріне ірі көлемде несие алуға көмектеседі.



ТЕҢІЗ ПОРТЫНЫҢ ТЕГЕУРІНІ

Нұрбек Қарасаевтың айтуынша, өткен жылы «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» арнайы экономикалық аймағында құны 38,3 млрд теңгені құрайтын 3 жоба іске қосылып, 300 жаңа жұмыс орны құрылды. Бүгінде порттағы №1 қосалқы аймақта инфрақұрылым құрылысы аяқталды. Мұндағы №2 және №4 қосалқы аймақта инженерлік инфрақұрылым құрылысына жобалық-сметалық құжаттама жасакталды. 2015 жылы «Ақтау халықаралық теңіз сауда портын солтүстік бағытқа кеңейту», «Азерсун» өндіріс және логистика орталығының және жоғары санатты газ бітегіш тұрбалар өндіретін зауыттың құрылысы басталды. Бұл жобалар 2016 жылдың аяғына дейін іске қосылады.



қапсанының аумағында 2020 жылға дейін 1000-нан аса жұмыс орны ашылатын 11 жобаны жүзеге асыру көзделген. Қазіргі таңда облыстық индустриалдық-инновациялық даму басқармасы өңіріміздің инвестициялық әлеуетін көрсететін бағдарламалар мен материалдар, инвесторларға арналған атлас дайындау үстінде. Айта кету керек, бүгінде шетелдік инвесторлар өңірімізде туризм, транспорт-логистика саласына инвестиция тартуға қызығушылық танытып отыр.

ӨНДІРІСКЕ – ӨРІС КЕҢ

«Маңғыстау индустриалдық палатасы» заңды тұлғалар бірлестігінің төрағасы Ғалымжан

Серпіліс

Сан жылдар бойы ата-бабаларымыз береке көзіне айналдырған балық кәсіпшілігіне баса мән берілмегендіктен, бұл сала кенжелеп қалған-ды. Әйткенмен, байырғы кәсіптен қол үзбеген балықшылар нәсібі мен нәпақасын көк айдыннан айырып отыр. Жуырда облыс әкімі Алик Айдарбаев кезінде балық шаруашылығының ірі орталығының бірі болған Ақкетіктегі Қарағантүбек жерінде балықшылармен кездесті. Жиында тамырына қайта қан жүгіртті, қолдау мен демеуді қажет ететін саланың еңсесін көтеріп, жандандырудың амалы қарастырылды.

Басқосуда облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Серік Сағынбаев өлкедегі балық шаруашылығының даму бағытын баяндады.

— Биыл аймағымызда балық аулаумен 17 шаруашылық, 127 бригада, 555 балықшы айналысуда. ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығымен ағымдағы жылы балық аулауға 4090,3 тонна квота бөлінді. Қазіргі уақытта 1768,9 тонна балық аулауға рұқсат беріліп, оның 179 тоннасы ауға түсті. Жергілікті балықшылар негізінен тікенді балық, сазан, көксерке, тарта балық, ақтабан, шал (пузанка) майшабақ аулайды. Бүгінгі таңда өңірімізде 5 қордағы балық шаруашылығы аймағы бар. Статистика бойынша облыста балық және балық өнімдерін тұтыну жан басына шаққанда бір айда 900 граммды, жылда 11 келіні құрайды. Демек, түбек тұрғындары жылына 6 мың 930 тонна балық және балық өнімдерін тұтынады. Өңірде балық шаруашылығы аймақтарының паспортын жасақтау қажет. Сондай-ақ осы салада ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін 40 млн теңге қаражат қажет, — делі аталған басқарма басшысы.

Жиында сөз алған «Қазақ балық шаруашылығы» республикалық қауымдастығының өңірлік филиалының директоры Илияс Ыбыраев балықшылардың 1-2 айға созылатын теңізге шығу құжатын ресімдеу үрдісін қысқарту, жеделдету жұмыстары жүргізіліп жатқанын жеткізді. Сондай-

ақ саладағы кадр тапшылығы мәселесін оңтайлы шешу үшін, өңірлік «Жаңа серпін» бағдарламасы бойынша балықшылардың кәсіби біліктілігін арттыруды ұсыныс етті.

«Микор» ЖШС директоры Валерий Михайлов «Балық аулаумен 1991 жылдан бері айналысып келемін. Басында бұл іске қызығушылығым болып, бос уақытымды

бөлетінмін. Кейін осы кәсіпті қолға алуды жөн деп таптым. Балық шаруашылығына мемлекет тарапынан қолдау аса қажет. Қазіргі таңда Түпқараған ауданы әкімдігімен серіктестік орнатуға мүдделіміз. Ел Үкіметінің қаулысымен балық кәсіпшілігімен айналысатын аумақтарды ауыл шаруашылығы саласындағы сияқты 49 жылға пайдалануға беруіне болады. Қазір



Балық шаруашылығына ҚОЛДАУ ҚАЖЕТ



Аскар Сайынов көпшілікті теңіздегі байлықты сақтау шарасына камдануға шақырды. Оның айтуынша, «Каспий» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» Ұлттық компаниясымен Қызылөзенде жағалауға жакын балық қабылдайтын пункт салу мақсатында келіссөздер жүргізілуде.

«Алпамыс» шаруа қожалығының иесі Меделбай Адыров «Кәсібіміздегі ең өзекті мәселе — балықты қабылдайтын арнайы орынның жоқтығы. Қазір балықшылар мүмкіндігі болса да қажетті мөлшерде балық аулай алмай отыр. Мәселен, менің қарамағымдағы 10 бригаданың әрқайсысының үйінде 100-150 келі балық сыятын тоназытқыш бар. Сыйғанша ғана аулаймыз. Тапсыратын жер таба алмай уақыт өткізіп аламыз. Бір күн ауласақ, екі күн сатумен айналысамыз. Сөйтіп жүргенде, балық шіріп кетеді. Былтыр 90 тонна сазан ауладық. Одан да көп аулауға мүмкіндігіміз толық жетеді», — делі.

«Каспий био экология» ЖШС директоры Ербол Ескалиев балық шаруашылығын дамыту мақсатында және теңіз жағасында институт құруға жер сұрады. Бір топ балықшылар мемлекеттен рұқсат алып, шығын шықпайтын қолмен балық аулап, нарыққа арзан бағамен ұсынатын тұрғындарға қатысты шағым айтты. Жиында қорытындылаған облыс әкімі Алик Серікұлы балықшылармен жұмыс жасаудың арнайы сызбасы немесе бағдарлама болу керектігін қаперге салды.

— Мәселен, сіздердің шығындарыңызды жабу үшін сіздерден қымбат бағаға алып, халыққа арзанға сату үшін субсидия бөлуге болады. Ол үшін сіздер үзіліссіз, кедергісіз балықпен қамтуға кепілдік беруіңіз керек. Өздеріңізден балық шаруашылығының бүгінгі мен ертеңіне қатысты ұсыныс-пікірлеріңізді күтемін. Тұрғындарға шектеу қойып, сіздерден басқа ешкім балық ауламайды деп айта алмаймын. Мемлекет тарапынан аумақтарды алған балықшылардың міндеттемелері де болуы керек. Балық шаруашылығы саласын дамыту мақсатында арнайы жұмыс тобы құрылады. Бүгінгі мәселелерді алдағы уақытта да талқылаймыз, — делі аймақ басшысы Алик Айдарбаев.

Бетті дайындаған **Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ**
Суреттерді түсірген **Серік МАЙЕМЕРОВ**

Сарап

1. Сәтсіз төңкеріс

Ел қорғаны — әскердің қарулы сойқан жасауға күштар болуы тарихта көптеп кездеседі. Түркияда әскерилердің қоғамдағы орны мен ел басқаруға араласуы арнайы талдауды қажет етеді. Оған мақала барысында кенірек тоқтала жатармыз. Жалпы, бұл елге төңкеріс таңсық емес. Генералдар бірнеше рет билікті қолына алған. Таңға жуық аса манызды нысандарды басып алып, мемлекеттік телеарна арқылы үндеу жариялайтын. Жұрт таңертең оянғанда биліктің ауысқанын білетін. Елде жаппай қамауға алу, жазалау амалы жүргізілді. 1960 жылғы төңкерістен соң билікке келген әскерилер реформашыл үкіметтің басшысы Аднан Мендересті асып өлтірген. Осы елде тұратын қандастарымыз Қытайдан көшкен қазакты Түркияға шақырып, бауырына басқан А.Мендересті зор құрметпен еске алады.

Бұл жолы әрекет бұрынғыдан бөлек. Әдеттегіден ерте басталды. Әскери әуе күштеріне тиесілі F-16 жойғыш ұшақтары Анкара мен Ыстамбул төбесінде ұзақ уақыт бойы ұшып жүрді. Іле-шала «супер кобра» деп аталатын тікұшақтар көкке көтерілді. Парламент пен Қарулы Күштер бас штабының ғимаратына бомба жаудырылды, бейбіт тұрғынға оқ атылды. Түрік журналисі Батухан Яшар

Анадолы атырабында төтенше жағдай жария етілді. Бұған дейін мұндай тәртіп елдің оңтүстік-шығыс аймағында енгізілген еді. Күрд жұмысшы партиясы содырларының лаңкестік әрекетіне қарсы енгізілген төтенше жағдай өңірде 15 жыл бойы (1987–2002) күшінде болды. Президент Режеп Тайып Ердуан 3 ай мерзімге жарияланған ерекше ахуал елдегі демократия мен құқық мемлекетіне қағидаларына қайшы келмейтінін мәлімдеді. Ол мұндай тәртіпті 15 шілдедегі әскери төңкеріске әрекеттің салдарынан туындайтын қауіп-қатерді жою мақсатымен деп түсіндірді.



Діндар болсын, тіпті пұтқа табынсын, бұл көпшілік кертартпашылар емес».

2. Сырт көз сыншы

Әскери төңкеріс әрекеті сәтсіздікке ұшырады. Билік жазықсыз 246 адамның көз жұмғанын жария етті. 1536 адам түрлі дәрежеде жарақат алған. Бүлік басылар-басылмас тұтқынға алу басталды. Жүзден астам генерал мен адмиралдың қолына кісен салынды. Арасында НАТО-ның інжірліктегі әскери базасында қызмет ететін түрік генералы Бәкір Ержан Ван да бар. Түркияның оңтүстігінде орналасқан осы базадан келген 2 әуе кемесі әлгі F-16 ұшақтарына аспанда жанармай құйып

ТҮРКИЯ

төтенше кезеңде

1980 жылғы төңкерісте генерал Кенан Евреннің өзі ұлттың Ұлы Мәжілісіне қару кезенбегенін еске түсірді. Танктер Босфор бұғазындағы көпірді жауып тастады. Ыстамбулдан шұғыл түрде Анкараға аттанған премьер-министр Бинәли Йылдырым өтіп үлгеріпті. Р.Ердуан бұл кезде Мармаристегі қонақүйде демалып жатқан. Ол да жолға шығады. Жарты сағаттан соң қонақүйге бомба тасталып, тікұшақпен келген қырық шақты арнайы жасақ пен президент күзеті арасында атыс болады. Р.Ердуан халықты көшеге шақырады. Өзі ұшақпен Ыстамбулға қарай бет алды. Ұшақ бірден қона алмай, бір сағаттай айналып жүреді. Ердуанның әуежайда жасаған мәлімдемесі жер-жерге тарайды. Қарулы сойқан оны ұйымдастырушылардың жекеменшік телеарна, ұялы байланыс жүйе және интернет кеңістігі секілді заманауи технологияның мүмкіндігін ескермегенін көрсетті.

Түрік ақпарат құралдары жазғандай, ел президентіне төңкеріс туралы алдымен ұлттық барлау ұйымының (МИТ) өкілдері хабар береді. Олар бүлікшілердің Мармариске бара жатқанын естіп қояды. Ал Ыстамбулға келуі керектігін 1-ші армияның қолбасшысы Үміт Дүндар айтады. Ол Р.Ердуанға телефон соғып, өзінің қолдауын білдіреді. Бас штабтың бастығы Хулуси Акар бүлікшілер тарапынан кепілдікке алынған соң осы генерал Қарулы Күштерге уақытша жетекшілік етеді. Қолбасшылардың бір бөлігі төңкеріс әрекетіне қосылған жоқ. Төңкеріске қарсы офицер бір генералды атып



өлтірді. Өзі де сол жерде окка ұшты. Полиция бүлікшілерге қарсы жанқиярлықпен төтеп берді. Қатардағы жауынгерлердің біразы өз еркімен тұтқынға берілді. Олар командирлерінің «жаттығуға барасындар» деп алдағанын айтады. Ең бастысы, халық көшеге шығып, бүлікке наразылық білдірді. Танкті тоқтатып, жасақты қарусыздандырады. Осы арада елдегі барлық саяси күштер (*оптозиядағы партиялар да*), түрлі діннің өкілдері, тіпті қазіргі билікке бүйрегі бұрыла бермейтін кейбір ақпарат құралдарының да ауызбірлік танытқанын айтқан жөн. Өзге ұлттың өкілі, троцкист (*Түркияда әртүрлі ұстанымдағы солшылдар бар*) деп есептелетін Рони Маргулис түрік тілінде шығатын marksist.org интернет басылымында жариялаған «Төңкерісті кім ауыздықтады?» деген мақаласында былай деп жазады. «Сенбі күні кешқұрым жұрт бүлікті болдырмау үшін көшеге ағылды. Мақсат-мұраты осы болды.

отырған. Осы ұшақтар Ванның әмірімен көкке көтерілген деседі. Генерал төңкеріс әрекеті сәтсіздікке ұшыраған соң базадағы американдық әскери қолбасшыларға барып, өзіне саяси баспана сұрапты. Әлемдік ақпарат құралдары АҚШ билігінің бұл өтінішті қанағаттандырмағанын жарыса жариялады. Айта кету керек, Сирия мен Ирактағы әскери операцияға тартылған осы база бүлік кезінде бірнеше сағатқа жабылып қалды. Анкараның талап еткен көрінеді. Сарапшылар осыдан кейін Түркияның стратегиялық одақтасы АҚШ-пен арадағы байланысына сызат түскенін көлденең тартты. Бұған сыртқы істер министрі Сүлеймен Сойлының түрік басылымдары келтірген «Төңкерістің арқасында АҚШ тұр» деген сөзі себеп болуы да мүмкін. Вашингтон көп күттірмей мұның шындыққа мүлдем жанаспайтынын мәлімдеді.

Айта кеткен жөн, Ақ үй қожайыны Барак Обама мемлекет басшылары арасында бірінші болып Түркиядағы төңкеріс әрекетін айыптады. Мемлекеттік хатшы Джон Керри түрік әріптесі Мәуліт Чавушоғлына телефон соғып, қолдау білдірді. Десек те, екі елдің арасында шешілуі қиын түйін де жоқ емес. Түркия билігі бүлікке тікелей жауапты деп Фетхулла Гүленді жария етті. 90- жылдардың соңынан бері АҚШ-тың Пенсильвания штатында тұратын Гүлен өзінің бұған ешқандай қатысы жоқ екенін мәлімдеді. Түркия билігі діни қайраткерді қайтаруды талап етіп, тиісті құжатты жіберді. Америка нақты дәлел-дәйек бойынша ғана шешім қабылдайтынын білдірді.

Әскери бүліктен кейін елде өлім жазасын қайта енгізу қажеттігі айтыла бастады. Р.Ердуанның өзі парламент мақұлдаса, қарсы емес екенін мәлімдеді. Еуропалық одақ бұған үзілді-кесілді қарсы шықты.

Срайыл СМАЙЫЛ
(Жалғасы бар)

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

ШАРТАРАП

Журналист көз жұмды

Киев орталығында автокөлік жарылып, танымал журналист Павел Шеремет мерт болды. Бұл туралы «Украинская правда» интернет-басылымы хабарлады. «Украинская правда» басшысы Алена Притулаға тиесілі автокөлік Киев орталығындағы Богдан Хмельницкий және Иван Франко көшелерінің қиылысында жарылған.



Соңғы 10 жыл бойы 44 жастағы Павел Шеремет Киевте тұрып келді. 2012 жылдан бастап, «Украинская правдамен» бірге жұмыс істей бастады. Ал 2015 жылдың қыркүйегінен бері «Радио Вестиде» авторлық бағдарламасын жүргізді.

П.Шеремет Ресей «Бірінші арнасында» жұмыс істеді. «Время» күнделікті сараптамалық бағдарламасының жүргізушісі болды. 2008 жылы телевизиядан кетіп, «Огонёк» журналында саясат және қоғам бөлімінің редакторы болды. Журналистің өліміне қатысты тергеуді АҚШ-тың федералдық тергеу бюросы және Еуропол бірлесе жүргізбекші.

Олимпиадаға бармайды

Ресей жеңіл атлеттері Бразилияның Рио-де-Жанейро қаласында өтетін Олимпиада ойындарына бара алмайды.

Әлемдік ақпарат құралдары хабарлағандай, Лозаннада орналасқан Спорт төрелік соты (CAS) Ресей Олимпиада комитетінің Жеңіл атлетика халықаралық қауымдастығының (IAAF) үстінен жазған шағымын қанағаттандырмады. Шағымда ресейлік спортшылардың Олимпиада ойындарынан шеттетілуіне наразылық білдірілген. Қауымдастық мүшелері бір ауыздан қабылданған шешім допинг пайдаланғаны анықталған ресейлік жеңіл



атлеттердің Бразилияға баруына мүмкіндік бермейді. Бұған дейін IAAF ресейлік спортшыларды жарыстан шеттету жөнінде шешім қабылдаған, — еді.

Сот хабарламасында айтылғандай, Олимпиада ойындарына қатысуға рұқсат беруді сұраған 68 ресейлік спортшының шағымы қанағаттандырылмады.

Сот IAAF шешімі өз күшінде қала беретінін мәлімдеді.

ТҮЗЕТУ

Газетіміздің 13 мамыр күнгі санында журналист Марат Маманбайдың «Жалақысыз ғалым – 2» атты мақаласы жарық көрді. Онда Алматыдағы бірқатар ғылыми-зерттеу институтының қызметкерлері 5 айға жуық жалақысыз жүргендігі туралы мәселе көтерілді. Автор мақала соңында Микробиология және вирусология институты қызметкерінің пікірін келтірген. Институт басшылығы бұл дерекпен келіспейтінін білдіріп, редакцияға хат жолдады. Осыдан кейін жүргізілген тексерудің нәтижесінде автордың жаңсақ мәліметті пайдаланғаны анықталды. Журналистке қатысты тиісті шара қабылданды.





E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Қолдау



Мемлекеттік жастар саясаты тұрмыстық-отбасылық жағдайларын, жастардың әлеуметтік мәселелерін шешуге, оларды бір идеологияның астына жинауға мүдделі. Әр өңірде жастарға мемлекет тарапынан жасалатын қолдау мен қорғау туралы ақпаратты жергілікті жердің жастар саясаты мәселелерінің басқармасы, жастар ресурстық орталықтары жеткізеді. Жастар мәселесі өзекті болғандықтан, мемлекет олардың жұмыс істеуіне жақсы мүмкіндік туғызып отыр. Соның бір айғағы — Талдықорғанда Алматы облыстық жастарға қызмет көрсету орталығының ғимараты ашылды. Жастардың көз қуанышына айналған бұл ғимараттың ресми түрде ашылуына облыс әкімі Амандық Баталов қатысып, облыс жастарын қуаныштарымен құттықтады. Қызыл-сары жолақты шыны әйнекпен қапталған екі қабатты заманауи ғимаратта жастарға қажеттінің бәрі бар. Салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен шұғылданатын фитнес орталық, білім алып, ғылым жинаған жасқа интернет кітапхана, бос уақытын қызықты өткізгісі келетін жастарға антикафе және тағысын тағылар жұмыс істейді. Бұл ғимаратта облыста жастар мәселесімен айналысатын барлық идеологиялық һәм әлеуметтік немесе құқықтық қызмет көрсететін мекемелердің барлығы шоғырланған. Алматы облыстық Жастар ресурстық орталығының директоры Айдын Нұрмұханбеттің айтуынша, жастар осы орталықтан жұмысқа орналасу, оқуға түсу, баспаналы болу сияқты мәселелер бойынша мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндіктерін біле алады, кеңес алады. Ол үшін жастар ресурстық орталығының мамандары бытырғы жылдың басынан бері «Серпін», «Жұмыспен қамту — 2020», «Қолжетімді баспана — 2020» бағдарламаларымен жұмыс істейтін мемлекеттік мекемелерде бір жылдық іс-тәжірибеден өткен. Мамандар кеңес беріп, көмек көрсетуге сақадай сай.

Айдын НҰРМҰХАНБЕТ, Алматы облыстық Жастар ресурстық орталығының директоры: — Ең бірінші жастарға арнап осындай зәулім ғимарат салып, біздің жастардың

ЖАҢА ҚАЗАҚ

Жастар – қоғамның қозғаушы күші, жанды жері, негізгі тынысы, елдің ертеңі. Олардың қайраты тауды да, тасты да қопарады. Лаулаған от та, маздаған шоқ та солар. Алып күш те, сарқылмас қуат та соларда. Бірақ елімізде жұмыссыз жастар, ажырасқан жас отбасылар, тастанды сәбилер, қандықол қылмыскерлер де жетіп артылады. Олардың жартысы, жартысы емес-ау, жартысынан көбі жастар екені белгілі. Қоғамның осы осал тұсын кім жөндейді, тағы да сол – жастар.

Жастарды жұмыспен қамту, еңбекке баулу, табиғатты аялап, қоршаған ортаны қорғауды өз міндеті санайтын жастардың «Жасыл ел» еңбек жасағына да осы ғимараттан орын бұйырыпты. «Жасыл елдің» облыстағы штабының басшысы Бақтияр Жаксыкелдинов жастарды жұмыспен қамтып қана қоймай, оларға рухани тәрбие де беріп жатқанын айтады.

ЖАСТАР ІСІ жанданып келеді



жұмысына қолдау танытып жатқан облыс басшылығына жетісуілік жастардың атынан үлкен алғысымызды білдіреміз. Жастар, әрине, өте қуанышты, өйткені, бұл олардың тың идеяларын, соны жобаларын іске асыруға туғызып отырған үлкен мүмкіндік. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 2012 жылы Павлодар қаласына барып, жастарға бір мүмкіндік ретінде әр өңірде осындай жастарға қызмет көрсету орталықтарын салу керек деп тапсырған. Жастарға ресурстық орталығының әр аудан, қалаларымызда бөлімшелері ашылған, әр округтерімізде жастар бірлестіктері жұмыс істейді. Солармен жүйелі жұмыс жасайтын облыстағы орталығымыздың ғимараты осы. Ғимараттың ерекшелігі — мұнда жана заманауи бөлмелер ашылған, оның ішінде: коворкинг орталығы, интернет кітапхана, антикафе, фитнес орталығы бар. Қызмет көрсету саласы бойынша 19 маман, мемлекеттік жастар саясаты бойынша 20-дан астам қызметкер жұмыс істейді. Олардан бөлек мұнда республикалық жастар ұйымдары, қоғамдық бірлестіктердің облыстағы штабтары орналасқан.

Бақтияр ЖАҚСЫКЕЛДИНОВ, «Жасыл ел» еңбек жасағының Алматы облысындағы штабы басшысы:

— «Жасыл ел» штабы қаланың көркіне көрік қосуға, табиғатты баптап, аялауға араласады. Бытыр 2800 жасты жұмыспен қамтыдық. «Жасыл ел» еңбек жасағы бойынша жастарды жұмыспен қамтуда республикада бытыр бірінші орында болдық. 2013 жылдан бері «Үздік жасыл ел штабы» атағын иеленіп келеміз. Осындай жетістіктерімізді ескере отырып, облыс әкімі Амандық Баталов штабқа «Skoda» микроавтобус көлігін және бір гектар жер телімін берді. Қазіргі уақытта жер телімінің құжаттары реттеліп бітті, алдағы уақытта ол жерге тәлімбақ ашсақ деп жоспарлап отырмыз. Онда жастарға бақта өсірілетін гүл, ағаш тағы басқа өсімдіктердің күтіп бапталу технологиясын үйретеміз және өсірілген ағаштарды қаланың көрнекті жерлеріне отырғыз да жоспарда бар. Осылайша, шаһарымыздың гүлденуіне өз үлесімізді қоспақпыз.

Жастарға қызмет көрсету орталығының ашылғанына өте қуаныштымыз. Сонымен бірге осы күнге дейін біз әр жерде, әр ғимаратты жалға алып жұмыс жүргізіп келсек, қазірде бізге де осы орталықтан бір кабинет беріліп отыр. Біз оған аса қуаныштымыз.

Жастарға қызмет көрсету орталығының ашылу салтанатынан кейін облыс әкімі бастаған, абыз ақсақалдар қостаған бір топ делегация ғимараттың ішін аралап шықты. Соңғы үлгіде жабдықтаған конференция залы, ресурстық орталықтың кабинеттері, антикафесі, интернет кітапханасын көріп, көзайым болды.

БАСТАМА

Талдықорған қаласында мемлекеттік-жекеменшік серіктестік негізінде «Кәтия апа» балабақшасы ашылды. Бүлдіршіндерді мектепке дейінгі біліммен қамту мемлекет саясатынан тыс қалған жоқ. Жергілікті әкімшілік бірлесе отырып, жеке кәсіпкер Тұрсынхан Құспековтің демеушілігімен жекеменшік балабақшаны пайдалануға берді. Ашылу салтанаты Талдықорған қаласының әкімі Бағдат Қарасаев қатысып, бүлдіршіндердің қуанышына ортақтасып, балабақшаға ала келген сыйын тапсырды.

Балаларға БАЗАРЛЫҚ



Бағдат ҚАРАСАЕВ,

Талдықорған қаласының әкімі:

— М.Әуезов атамыздың: «Ел боламын десен, бесіңді түзе» деген жақсы сөз бар. Бала бүлдіршін шағынан білім алса, ертең елінің елеулі, халқының қалаулы, отанышыл, елшіл азаматтар тәрбиеленіп шығатыны сөзсіз. Біз қала бүлдіршіндерінің барында балабақшаға баруын қамтамасыз етеміз. Қазіргі кезде Талдықорған қаласы бойынша 51 балабақша бар болса, оның 27-сі жекеменшік. Бұл қаладағы кәсіпкерлердің, қалталы азаматтарымыздың елінің болашағын, баланың қуанышын көбірек ойлайтынын көрсетіп отыр. Балабақша салып, бүлдіршіндерге тәрбие беруді қолға алған азаматтарымыздың саны өсіп келеді. Біз осыған қуанамыз.

Екі қабаттан тұратын 125 орынды «Кәтия апа» балабақшасында 25-тен астам адамды жұмыспен қамтып отыр. Балабақшаның «Кәтия апа» аталуының сырын мекеме қожайындарының бірі — Ырысхан Сәмиева айтып берді.

Ырысхан СӘМИЕВА:

— Балабақша Кәтия апа Артықбайқызының есімімен аталып отыр. Ол кісі біздің анамыз, осы балабақшаны ашқан адамның анасы, мен үлкен әпкесімін. Анамыз Кәтия — өз заманында өзінің парасатымен, көрегендігімен, көріпкелдігімен елге танылған адам. Дінмұхамед атамыз Қонаевтың алдында екі рет болған кісі. 1986 жылғы тарихи оқиғаны, Қонаев атамыздың тағдырын ол кісінің дөп болжап айтып берген екен. Бірақ Қонаев анамызға сенбепті. Кейін сол айтқаны айдай келгенде, анамызды шақырып, қонақ қылған деседі білетіміз. Біздің анамыз көзі тірісінде көп адамға жақсылығы тиген адам. Ауруды сау етіп, бақытсызды бақытты еткен жан. Осы балабақшаның атын анамыздың атымен атаудың сыры осында. «Құдай дарытқан дара қасиетімен елге сыйлы болған анамыздың шаарапаты осында тәрбиеленген балаларға тиcін, білімді, алғыр ұрпақ болсын» деген ниетіміз еді.

Талдықорған қаласында мектепке дейінгі балалардың 85 пайызы балабақшаға барып жүр. Қазіргі кезде 4000-ға жуық бала балабақша кезегінде тұр.

Жетістік

Алматы облысы ілім-білімді жанына серік етіп, ғылымда жаңалық ашып жатқан оқушы жастардан кенде емес. Олар халықаралық, республикалық байқауларда топ жарып, облысымыздың ғана емес, жүймлә қазақ жұртының атын әлемге мәшһүр етіп жүр.

Егеменді елдің ертеңі — білімді ұрпақтың қолында десек, біздің елде ондай балалар шаш-етектен. Олар бүгінгі заман талап етіп отырған инновациялық технологиялардың тетігін менгерген ғалымдар, техниканың тілін тапқан асқан ақылдылар, қала берді жаһандануға жұтылып бара жатқан ұлттық әдет-ғұрпымыз бен өмір сүру салтымызды жандандырып жүрген патриот жандар. Олардың болашағы жарқын, келешегі кемел.

Жаркенттік Әсия Мақұл мен Карина Тұрсунова өздері тұратын елді мекенде ғарышкерлерді оналту орталығын ашқысы келеді. Жас ғалымдар Жаркенттегі радон суын пайдалана отырып, ғарыштан кейінгі бейімдеу шараларын жасауға болатынын айтады. **Карина ТҰРСҰНОВА**, Халықаралық ғарышты зерттеу жобалары байқауының жүлдегері:

— Азотты газ, фтор, кремний қышқылы, күміс, фосфор, йод, марганец, сынап сияқты микроэлементтерге бай радон суы тек ғарышкерлерге ғана қажетті минерал емес, бұл сумен артериялық қан қысымы қалытсыз адамдарды және көптеген гинекологиялық ауруларды емдей

аламыз. Жаркент қаласы жанындағы радон суын ғарышкерлерге қолдану арқылы оңалтуға өз үлесімізді қосқымыз келеді. Осы бағытта зерттеу жүргізудеміз. Мақсатымызға жету үшін біз Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіне түсін, жоғары квалификациялық маман иесі, дәрігер болып, ары қарай өз жобамызды тереңірек зерттегіміз келеді.

Биыл 11-сыныпты бітірген жас ғалымдар осы жобасы бойынша Байқоңырда өткен халықаралық ғарышты зерттеу жобалары байқауының үшінші орын жүлдесін алып, ұлттық бірыңғай тестілеуден босатылған.

«Білекті бірді, білімді мыңды жығады» демекші, білімі мен парасаты келіскен оқушылардың арасында ұлттық өнердің көсегесін көгертуді мақсат еткен 11 жасар Айболат Қажыәкпар ата-анасының ғана емес, Жетісу жұртшылығының мақтанышы. Айболат биыл «Зерде» шығармашылық байқауына «Қазақтың ағаш ұқсату өнері» жобасын ұсынып, облыстық іріктеуден бірінші орын, республикалық байқаудан екінші орын жүлдесін жеңіп алды. **Айболат ҚАЖЫӘКПАР**, «Зерде» шығармашылық байқауының жүлдегері: — 2014 жылдан бастап ағаштан бұйым жасауға қызығушылығым артты. Маған ағаштан бұйымдар жасауды ұстазым — Жұмабай Немеңбаев үйретті. Мен жас техниктер стансасында оқығанымн, бірақ өкінішке қарай, ол станса жабылып қалды. Бірақ мен қолөнерімді ары қарай жалғастыра беремін. Маған



ағаштан бұйымдар жасаған ұнайды. Ағаштан бұйым жасау дегеніміз — қолда бар ағаштарды босқа тастамай, кәдеге жарату.

Биыл республикалық пән олимпиадасында біздің облыстың оқушыларынан құралған командалық топ «Үздік олимпиадалық команда» атанды. Команданың сапында география пәнінен республикалық олимпиаданың алтын медаль иегері Әдепхан Шырайлы да бар.

Әдепхан ШЫРАЙЛЫ, республикалық пән олимпиадасының алтын медаль иегері:

— Мен дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын №20 мектебінің 8-сыныбында оқымын. Биылғы жылы Көкшетау қаласында өткен жалпы білім беретін республикалық пәндер олимпиадасында 10-сынып оқушыларының тапсырмасын орындап, география пәнінен бірінші орын, алтын медальға ие болдым. Бала кезімнен атам мен әжем: «Жер — атадан

балаға қалған асыл мұра. Оны сақтап қалу және оны ары қарай көркейту тек сендердің қолдарыңда» дейтін. Сондықтан, еліміздің кең-байтақ жерін зерттеуге, еліміз әлемдік қазба байлықтарға бай екендігін зерттеуге ден қойдым. Дүниежүзілік олимпиадаларда да топ жарған оқушылар біздің облыстан шықты. Оның бірі — Серік Еркін. Ол биыл Мәскеу қаласында өткен дүниежүзілік Менделеев олимпиадасында қола медаль алды.

Серік ЕРКІН, дүниежүзілік Менделеев олимпиадасының қола медаль иегері:

— Менің жетістігім — тек менің ғана емес, ата-анамның, мұғалімдерімнің, достарымның еңбегі деп білемін. Болашақта органикалық химия мен бейорганикалық химияны байланысын зерттегім келеді. Өйткені, органикалық химия әсеке-дара дамыса, ғылымға жаңалық әкелмейді, ал бейорганикалық химиямен байланыса дамыса, онда көптеген

өндіріс орындарына, медицинаға, жаңа технологиялардың қарыштап дамуына өз септігін тигізетін еді. Өзімнің болашақ жетістіктерімнің бәрін ел дамуына арнаймын.

Халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жоба жарыстарына облыстан 178 оқушы қатысып, 135-і алдыңғы қатарлы орындарға ие болды. Оның 9-ы алтын, 34-і күміс, 92-і қола медаль.

Халықаралық олимпиада мен ғылыми жоба байқаулары — Дәджон, Мәскеу, Королев, Тбилиси және еліміздің Байқоңыр, Көкшетау, Петропавл, Алматы қалаларында өтті.

Атап айтсақ, Алматы қаласында өткен республикалық ғылыми жоба жарыстарына 36 оқушы қатысып, оның 13 (I орын — 2, II орын — 5, III орын — 6) жүлделі орын, Көкшетау, Петропавл қалаларында өткен республикалық пәндер олимпиадасына **72 оқушы қатысып, 4 алтын, 9 күміс, 11 қола медальдарға ие болды**. Қорытынды есепте құрама команда жүлделі II орынды және «Үздік олимпиадалық команда» атағын үшінші мәрте растады.

«Жаһандану заманында мемлекет пен оның азаматтары бәсекелестікке сай болуы үшін, ең бірінші білім мен ғылым өркендеуі керек» деген ел Президентінің сөзін алға тартқан өңір басшысы білім мен ғылымға қолдау көрсету — басты міндеті екенін айтты. Сондай-ақ дарынды балалардың талабына нұр жауып, арман-мақсаттарының орындалуына тілектестігін білдірді.

Бетгі дайындаған Шынаргүл ОНАШБАЙ, Алматы облысы Суретті түсірген автор

игі іс

Іле Алатауының Солтүстік және Оңтүстік жоталарының арасынан бастау алған Қаратал өзені Балқаш көліне құйып жатыр. Алматы облысының Ескелді, Көксу, Қаратал аудандары арқылы ағады. Талдықорған, Үштөбе, Текелі қалаларын да кесіп өтеді. Өз заманында желмаясымен жер-жаһанды кезген Асан қайғы Қараталды көргенде: «Ей, сарқырап аққан Қаратал, артың кең, алдың тар-ау» депті. Өйткені, бұл өзен құмға сіңіп жатады екен. Бірақ әр адамның өзінің туған жері, өскен елінен артық жерұйығы болмайтынын өмір өзі дәлелдеп кетті. Заманның талабына сай, адам демалуға қолайлы, жайлы мекен жасалса, соның өзі жерұйық емес пе? Талдықорған қаласындағы біз сөз етіп отырған – Қаратал өзенінің жағалауы адам танымастай өзгерді. Былтырғы жылы ғана ол жер адам аяғы баспайтын тастақ мекен болатын. Ал қазір жасыл желекке оранып, әсем гүлзарға толып, гүлденіп, түрленіп тұр.



www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Белес

Мақсат – мол өнім

Өткен аптада Алматы облысының әкімі Аамандық Баталов жұмыс сапарымен Кербұлақ ауданында барды. Ол егіншілермен және малшылармен кездесу кезінде облыс экономикасындағы ауыл шаруашылығының рөлі, сапалы әрі тиімді бағада ет пен сүт өндіру, егіс алқаптарынан мол өнім алу, тұтыну нарығының аясын таяу шетелдерге қарай кеңейтудің маңызы жайлы айтты.



Әуелі, өңір басшысы Жоламан ауылдық округіндегі «Шадиев» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мал бордақылау алаңына барды. Қазақ-өзбек бірлескен инвестициялық жобасының негізінде жүзеге асырылған мал бордақылау шаруашылығының жалпы құны бір миллиардқа жуық теңгені құрайды. Шаруашылық басшысы Фазыл Шадиевтің айтуынша, инвестиция қаржысы тиісті инфрақұрылымы бар алты ірі сиыр қора салуға және бір жарым мың бас аналық, бес Ангус етті тұқымды өндіргіш бұқалар мен қажетті техника сатып алуға жұмсалған. Етті Өзбекстанға экспорттау, танымал «Беккер» шұжық компаниясына өңдеуге өткізіп, өз фирмалық дүкендері арқылы сату көзделіп отыр.

Сонымен қатар серіктестікке тиесілі төрт жүз мың гектар жерінде жақын арада ірі қараны бос жіберетін орын, жем азығы түйірлерін шығаратын шағын зауыт салуды жоспарлап отырған көрінеді.

Облыс басшысы мұндай жақсы бастамаларға қашанда қолдау көрсетілетінін айтты. Қаладағы қауырт тірлігінен сәл босаған облыс әкімі Аамандық Баталов «Қызылшоқы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің егіс алқабын аралады. Мұнда өнімді жинап-теру



науканы басталып кеткен. Аамандық Ғаббасұлы жастық шағын еске алып, жиналып, қатталып қойған бір арқа шөпті көтеріп, шаруалардың ісіне қол ұшын тигізді. Шаруашылық басшысы Ибен Машарбетов келген делегацияға жұмыстың жай-күйін баяндады. Жыл сайын мұнда гектарынан 24-25 центнерден өнім алынады екен. Бидайдан бөлек мұндағы 1500 гектар жерге арпа, зығыр өсіріліп отыр. Шаруалар облыс басшысына биылғы жылы мол жиналғалы тұрған өнімді өткізу мәселесіне жәрдемдесуді сұрады. Аамандық Баталов сол жерде бұл саланың жауапты тұлғаларына осы мәселеге байланысты тапсырма берді. Комбайн және трактор жүргізушілерімен емен-жарқын әңгімелесіп, қиын да жауапты іс атқарып жүрген еңбектеріне ризашылығын білдірді.

Сондай-ақ бұл күні «Арқарлы» шаруа қожалығының алқабында болып, шөп жинау науқанының барысымен танысты. Және «Ақбасов» ЖК-ның Сарыөзек кентіндегі ет комбинатына барып көрді.

Мұнда шұжық, сосиска, қысқа шұжықша, ұнтақталған ет дайындалып, облыстағы сауда орындарына жөнелтіледі. Комбинат бір күнде отыз ірі қараның етін өңдей алады. Комбинаттың ашылғаны жергілікті мал өсірушілерге тиімді болған. Олар мұнда бүгінге дейін алты жүзден астам бас мал өткізіп үлгеріпті. Ал кәсіпорын 17,5 тонна дайын өнімін саудалаған. Облыс әкімі сапарын қорытындылай келе, ұсақ шаруашылықтарды ірілендірудің тиімділігіне тағы бір тоқталып, кооперацияның Алматы маңында азық-түлік белдеуін дамыту, халықтың әл-ауқатын көтеру, тұрғындарды сапалы да тиімді бағадағы азық-түлікпен қамту мәселелеріндегі маңызын атап өтіп, осы бағытта тиісті органдарға тапсырмалар берді.



Жаңарған Қаратал



Небәрі бір жылдың ішінде Қаратал бойын халық демалуға ыңғайлы әрі спортпен айналысуға, отбасымен қыдыруға мүмкіндік тудырған жергілікті билік бұл қуанышты халықпен бірге бөлісті. Жағалаудың ашылу салтанатына облыс әкімі Аамандық Баталов өзі қатысып, тұрғындарды қуанышымен құттықтап, саябақ шамын жақты. Өңір басшысы өз сөзінде: «Әлемде өзенді жағалай қонған қалалар баршылық. Еліміздің бас қаласы — Астана бұл тұрғыда Есілімен мақтанады. Есілдің жағалауындағы көрікті көпірлер, ескерткіштер, шағын архитектуралық мүсіндер, самаладай жарқыраған шамдары, көзартар ғимараттары — осының барлығы Қаратал жағалауын жаңғыртуда жарқын үлгі болды» деді. Демалыс аллеясының ашылуы ел тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналды.

Ұзындығы 1414 метрге созылған жағалау аллеясында балалардың, жасөспірімдердің, жастардың, үлкен кісілердің де серуендеуіне жағдай жасалған. Үлкендер жағы аттап ыстықта өзен жағасында бой жазып, замандастарымен шүйіркелеседі. Балалардың алаңсыз ойыны үшін балалар ойын алаңдары, спорттық алаңдар да орын тепкен. Ал жасөспірімдер мұнда роллдром, скейтдром сияқты белсенді спорттық ойындардың қызығына түседі. Салауатты өмір салтын ұстанған қала тұрғындары үшін велосипед тебуге қауіпсіз әрі қолайлы — велосипед жолы да қарастылыпты. Бұдан



бөлек, жүргіншілер аллеясы, қалқа шатырлар, ертегі кейіпкерлері сомдалған шағын сәулеттік формалар орнатылып, демалысқа қолайлы басқа да жағдайлар жасалған. Демалыс аллеясын абаттандыру жұмыстарының да сәтті ұйымдастырылғаны көрініп тұр. Мұнда қылқан жапырақты және жапырақты ағаштар, бұталар, бұталы қоршаулар, газондар мен гүлзарлар отырғызылған. Жасыл желекке

оранған жағалаудың көркі шағын сәулеттік мүсіндермен ерекше үйлесіп тапқан. Салтанатты ашылу рәсімінде Аамандық Ғаббасұлы: «Қараталдың бойында қарағаштан басқа өсімдік өспейді деп айтқандар да болған. Бірақ біз аллеяны көк шалғынға, гүлбақшаға айналдырдық. Енді, мұны ары қарай сақтау, аялау сіздердің қолдарыңызда!» деп атап өтті.

Демалыс аллеясының авторы — Қазақстан Сәулетшілер одағының президенті Ақмырза Рүстембеков. Сәулетшіні арнайы таныстырған Аамандық Ғаббасұлы ол кісі Астанадағы көп нысанның авторы екенін баса айтты. Әсіресе, Ақмырза Рүстембеков жасаған «Бәйтерек» құрылыс нысаны Астананың ажарын ашып тұрғаны әмбебап аян. Шебердің қолынан шыққан Талдықорғандағы Қаратал жағалауы қала тұрғындары демалатын тағы бір көрнекті орындарының қатарына қосылды. Демалыс аллеясының ашылу салтанатына жүрт көп



Енді, міне, Қаратал жағалауы жаңғыртылып, демалуға арналған тағы бір ғажап мекен ашылып отыр. Біз оған өте қуаныштымыз. Мен өзім өзеннің ағысын бақылап, Қараталдың жағасында жүргенді жақсы көремін. Сарқырап аққан су адамның бойын сергітеді, жүйкесін тыныштандырады. Сондықтан, бұл аллея нағыз демалыс аллеясы.

Талдықорған қаласы күн санап көркейіп, жаңа құрылыс нысандарымен толығып келеді. Жаңа балабақша, жаңа ғимараттар, жаңғыртылған, қайта түлеген саябақтар, аллеялар шаһарға ерекше көрік беріп тұр. Қазіргі кезде қалада «Салтанат сарайы», «Драма театр» ғимаратының құрылысы жүргізіліп жатыр. Ал көптен күткен көпсалалы аурухананың құрылысы жуық арада аяқталып, қолданысқа берілгелі отыр.

Шынарғұл
ОҢАШБАЙ

жиналды. Құжынаған халықтың арасынан самаладай жарқырап аллея шамдары көз тартады. Бұл күні жағалауда «Талдықорған: кеше, бүгін» атты фотокөрме, көркемсурет шеберлерінің туындыларынан көрме ұйымдастырылып, халық аспаптары оркестрінің концерті ұсынылды. Еліміздің эстрада жұлдыздары Мәдина Сәдуақасова, «Ринго» тобы, сонымен қатар «Алатау әуендері», «Үшқоныр»



Бір кезде төменнен күбір-күбір, сыбыр-сыбыр естіліп, бірдене жыбыр-жыбыр еткендей бола қалды. Еңкейіп, көзімді подъезд алдындағы суға лактырсам, күйеуім... Ойебай, күйеуім бір қызбен тұр!

— Әй! — дедім мен айқай салып, — көзіме көң, топырақ, құм салып тұрғаның қалай?

Күйеуім жоғарыға жалт қарады. Қыз ұялған болып, сағыз шайнап тұр. Онбаған десе! Екеуі де тізелеріне дейін келетін жанбыр суына қарамастан, құшақтасып тұрғандарын қарашы! Күйеуім қала әкіміне барамын, кіре алмасам, орынбасарларының біріне жолығып, «арықтар неге тазаланбайтынын» айқайлап айтамын деп шығып кеткен! Қарашы, онбаған десе! Общым, еректер адам емес!

— Әй, неғып тұрсың?

— Қатын, Русалкамен танысып қалдым... Мен емес, өзі бас салды... — деп мінгірледі күйеуім.

— Русалкасы несі?

— Су перісі ше?

— Ол неғып жүр мұнда? — деп сұрадым мен.

Қаным кайнап, қызғаныштан өліп барамын. Подъезд алдына жүгіріп шығайын десем, екеуі қол ұстасып қашып кететіндей көрінді.

— Әй, сайкал! Менің күйеуімде нең бар? Кімсің сен?

— Су перісімін. Астанада да су перілері бар. «Подругаларымды» айтамын. Біздер жанбыр жауып, көшелер көлкіген сайын жүземіз... Сендердің ит тірліктеріне күлеміз! — деген су перісі құйрығын көрсетіп еді, көздерім жыпылықтап, жыным калмады! Оның аяғы жоқ еді, балықтың құйрығын ғана көрдім!

— Кет деймін, менің күйеуімнің қасынан!

— Кетпеймін...

— Here?

— Сол. Күйеуімді бір көргеннен ұнатып қалдым.

— О, сүмелек! Былай тұр деймін, күйеуімді сүйме деймін!

— Жанбыр жауса болды, Астана мен Алматының табиғаты керемет өзгереді! Астананың туған күнінде қандай нөсер болды, адамдар балыққа айнала жаздады! Тура

Астана мен Алматының аспаны түнеріп, «жылай» бастаса болды, көшелері көлге айналып шыға келеді. Бір күні осындай жылауық жаңбыр себелеп тұрған еді, екінші қабаттағы балконнан қарасам, көшелерді су қаптаған, адамдар қайықпен жүзгіп жүр, айнала «керемет», балалар шомылып, бір-біріне су шашып ойнағанда... Анау бір кемтір суда қалқып барады. Жылт ете қалған күнге қыздырынып...

Венецияға айналды! — делі су перісі сағзын қолымен созып, артынша шарға айналдырды да, так еткізді... — Келер жылы екі қалада да халықаралық денгейдегі шара өтеді. Сол кезде нөсер жауын құйып жауса, шетелдік қонақтар қайықпен жүретін шығар? Құрым жана хабарласты, шенеуніктер қаланың қак ортасында балық аулап отыр дейді.

— Әй, менің Астанада жұмысым жоқ, мен Алматы тұрғынымын! Күйеуіме жакындама деймін! Мынау қайтеді-ей?

Жәй, күйіп кетемін де, шенеуніктерінің тірлігіне. Жанбыр жауып, көшелер суға толғанда ғана қозғалады. Астанада бюджеттің акшасына 130 техника сатып алыныпты, су соралы дейді. Сол акшаны су арығын, көрізді жөндеуге жұмсаса ғой!

— Иә, сөйтсе ғой! — деп қалды менің сүмелек күйеуім, — Алматы да мәз емес. Шенеуніктер 3 ай бойы ұзындығы 1200 шақырымды құрайтын арықтың барлығын тексеріп шығыпты. Соңғы 6 жылда оның небәрі 113 шақырымы ғана жөндеуден өтіпті. Жанадан қосылған аймақтарда арық атаулы мүлдем жоқ. Ал сауда үйлері бар жүйенің тас-талқанын шығарыпты. Соны бақылайтын мекеме басшылары ваннада шомылып жатып, балмұздақ же-еп отыр ма екен, а?

— Әй, саған кім сөз берді?



Көне күйме табылды



Павлодарлық археологтар теңдесі жоқ құнды жәдігерге қол жеткізді. Олар облыс орталығының шетіндегі қорғандардың бірінен Қимақ кезеңіне жататын ескі күймені тапты.

Тарихшылардың айтуынша, бұл жәдігер Қимақ қағанатының саяси орталығы осы аумақта болғанын білдіреді.

Су перісі (Феврелон)

— Өзім бердім! Қала әкімі түстен кейін миллиондаған тенге бөліп жатыр дейді. Естіуімше, жұмыс жүз жылдан кейін аяқталатын көрінеді.

— Үйге қайт! — Су перісі жібермей тұр...

Жыным келіп, төмен қарай зуладым! Есік алдына шықсам, екеуі де жоқ! Су жұтып кетті ме, жер жұтып кетті ме? Моторлы қайық тұр екен, «тыр-р-р» еткіздім де, қала әкімдігіне қарай тарттым. Сөйтсем, күзетшілер жібермейді.. Айқай салдым:

— Күйеуімді қайтарындар! Бәріне сендер кінәлісіңдер! Шайтан арба айдап мәз болғанша, халықты топан судан қорғандар!

Бір кезде: «Апай, сау болыңыз!» деген

дауыс шықты. Қарасам, су перісі! Үлкен Алматы каналына қарай жүзіп барады... Кешіріңіздер, бәрі қиял ғой... Көше толы топан суға қарап тұрмын балконнан... Күйеуім қасымда шылым шегіп тұрған, аяғына резина етік киіп, көшеге шықты. Маған су перісін іздеп бара жатқандай, денем дір етті...

Әйелдің жан-сырын жазып алған:

Мұхтар ШЕРІМ



Алматы қаласында 4 жылдық оқу бағдарламасын тәмамдап, бакалавр дәрежесін алған Қазақстан теңіз академиясының алғашқы 16 кадетіне диплом тапсыру рәсімі өтті.



Алғашқы теңізшілер

КТА «Теңізшевройл» ЖШС-нің тікелей қолдауымен құрылып, оған Қазақ-Британ техникалық университеті серіктес болды. Қазақстан теңіз академиясының халықаралық серіктестігіне теңіз білімі саласындағы конгломерат — STC Group (Нидерланды) компаниясы шақырылды. «Шеврон Шиппинг» компаниясы қадеттердің халықаралық деңгейдегі заманауи кемелерде тәжірибеден өтуіне кәсіби тұрғыда қолдау көрсетіп, тәжірибе сабақтарын ұйымдастырды. Сондай-ақ академияның алты түлегін тәлімгер ретінде қабылдады. Академия түлектері қазақстандық және шетелдік кемелерде әлемнің әр

түкпірінде жұмыс жасай алатын жоғары білікті мамандар тобын құрайтын болады. Қазіргі уақытта 84 кадет Қазақстан теңіз академиясында білім алуда.

Мәнер НИЕТ, КТА кадеті: «Оқу барысы, әрине, қиын болды. Себебі оқудың біраз уақытын



біз шетелде оқыдық. Бір жыл бойы кемеді тұрып жұмыс жасадық. Сол кездері жанұяны, достарды сағынған кез болды. Өзімнің жүрегіммен қалаған мамандық болғандықтан, қиындықтарға мойымай жеңе білдім деп айталам. Болашақта осы салада жұмыс жасайтын маман иесі, яғни теңізші боламын» — деп атап өтті.

Қолдарына диплом алған алғашқы қадеттеріміз еліміздің теңіз тасымалы саласының дамуына өз үлестерін қосатынына сенімдіміз.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА



Қытай Халық Республикасы Іле-қазақ автономиялық облысы Өртекес ауданында Аударыспақтан II Ашық Азия чемпионаты жсалауын желбіретті. Дүбірлі доданың бас серіктесі – «Самұрық-Қазына» хлттық ал-ауқат қоры.



Ашылу салтанатында сөз алған Ұлттық спорт түрлері қауымдастығының президенті Бекболат Тілеухан екі ел арасындағы ерекше достықты тілге тиек етті. «Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы көршілес ел ғана емес, бізді берік достық, ауызбіршілік, ынтымақтастық әріптестік байланыстырады. Осының арқасында біздің Ұлттық спорт түрлері ерекше қарқынмен дамып, үлкен жетістікке жетіп отыр. Сөзімнің дәлелі бүгінгі Аударыспақтан II Ашық Азия чемпионаты».

Өскемен қаласының тұрғыны, біздің аяулы бөлеміз

Дөкештегі Серік ҚАМБАРҰЛЫНЫҢ

мезгілсіз қаза болуына қайғырып, отбасы мен туған-туысқандарымызға көңіл айтамыз. Жаны жәннатта болсын!

Есімхан әулетінің атынан — Расима Есімханқызы

Директор — Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алкасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың бірінші орынбасары

Мендолла ШАМУРАТОВ Бас редактордың орынбасары — Астана қаласы өкілдігінің жетекшісі

Ғалия ҚАЛИЕВА

компьютер орталығының жетекшісі

Бөлім редакторлары:

Марат МАМАНБАЙ — қоғам және әлеумет

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — өнер және руханият

Руслан ДОСТАЕВ — арнаулы тілші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Мехмет СЕМЕРЖИ — фототілші

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДИЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Шынарғұл ОНАШБАЙ — Алматы облысы (8 701 503 02 76)

Асқар АҚТІЛЕУ — Ақтөбе облысы (8 778 523 44 96)

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ — Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)

Дүйсенбек АЙБЕКОВ — Жамбыл облысы (8 705 227 45 16)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй (Абай даңғылының қиылысы)
Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 394-39-67 (жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет «Дәуір» ЖШС РПНҚ (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2106;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 45 000 дана

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция қозқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Ethiud Air ways», «Turkish Airlines», «BМІ», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.